

Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 01 "Алматы қаласы Түркісіб ауданында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2023 жылғы 19 қазандағы № 02 шешімі.
Алматы қаласы Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 қазанда № 1743 болып тіркелді

ШЕШТІМ:

1. Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің "Алматы қаласы Түркісіб ауданында сайлау учаскелерін құру туралы" 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 01 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1539 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

- 1) № 442, 447, 449, 451, 452, 456, 522, 607 сайлау учаскелерінің шекаралары және № 422 сайлау учаскесінің орталығы осы шешімнің № 1 қосымшасына сәйкес өзгертілсін;
- 2) осы шешімнің № 2 қосымшасына сәйкес жаңадан ашылған № 644, 645, 646, 647 сайлау учаскелерімен толықтырылсын;
- 3) № 440 сайлау учаскесі алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімді Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастырылды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б. АҚЖАРОВ

КЕЛІСІЛДІ:

Алматы қаласы аумақтық
сайлау комиссиясының төрайымы А. Қалықова

2023 жылғы 19 қазандағы № 02
Шешімге № 1 қосымша
Алматы қаласы Түркісіб
ауданы әкімінің 2019 жылғы
11 сәуірдегі
№ 01 шешіміне
қосымша

№ 442 сайлау учаскесі (орталығы: "№ 84 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Нұрсая көшесі, 56)

Шекарасы: Заветная көшесі 68 үйден батысқа қарай Шацкий көшесі 4 үйге дейін, одан әрі солтүстікке қарай Земнухов көшесі 5 үйге дейін, шығысқа қарай Космодемьянская көшесі 20 үйге дейін, одан әрі оңтүстікке қарай Балқадидиша көшесі 29 үйге дейін, одан әрі шығысқа қарай Заветная көшесі 68 үйге дейін.

№ 447 сайлау учаскесі (орталығы: Шаруашылық жүргізу құқығындағы "№24 қалалық емхана" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Земнухов көшесі, 3/1)

Шекарасы: Бекмаханов көшесі мен Бурундай көшесінің қиылысынан солтүстікке қарай Бурундай көшесінің шығыс жағымен Сұлтан-Қарасу өзенінің қиылысына дейін, шығысқа қарай Спасская көшесі 68 үйге дейін, одан әрі оңтүстікке қарай Шмидт көшесі 131 үйге дейін, солтүстік жағы Орловская көшесі 26 үйге дейін, одан әрі Земнухов көшесі 5 үйге дейін, Земнухов көшесінің оңтүстік жағымен Шацкий көшесі 47 үйге дейін, оңтүстікке қарай Костромская көшесі 26 үйіне дейін, батысқа қарай Тренева көшесі 20 үйге дейін, одан әрі Бурундай және Бекмаханов көшелерінің қиылысына дейін.

№ 449 сайлау учаскесі (орталығы: "№ 76 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Чехов көшесі, 15 үй)

Шекарасы: Жансүгіров көшесі 701 үйден солтүстікке қарай Ержанов көшесі 135 үйге дейін, шығысқа қарай Шолохов көшесі мен Чехов көшесіндегі 15 үйдің қиылысына дейін, оңтүстікке қарай Богатырская көшесі 1 үйге дейін, батысқа қарай Жансүгіров көшесі 701 үйге дейін.

№ 451 сайлау учаскесі (орталығы: "№ 15 Алматы облыстық мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Чернышевский көшесі, 43)

Шекарасы: Жансүгіров көшесіндегі 649 үйдің оңтүстік жағынан Богатырская көшесі 1 үйге дейін, шығысқа қарай Сұлтан-Қарасу өзені арқылы Словацкий көшесі 2а үйіне дейін, оңтүстікке қарай Кассин көшесі 20 үйге дейін, одан әрі шығысқа қарай Буденный және Сейфуллин даңғылының қиылысына дейін, Сейфуллин даңғылы, 49 үйден оңтүстікке қарай Палладин көшесі 5 үйге дейін, одан әрі батысқа қарай Жансүгіров көшесі 649 үйге дейін.

№ 452 сайлау учаскесі (орталығы: "№ 83 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шолохова көшесі, 28)

Шекарасы: Шолохов көшесі мен Ақан сері көшесі 1 үйдің қиылысынан оңтүстікке қарай Молдағалиев көшесі 11 үйге дейін, Молдағалиев көшесінің солтүстік жағынан

батысқа қарай Лев Толстой көшесі 12 үйге дейін, Лев Толстой көшесінің шығыс жағынан солтүстікке қарай Алматы-1 теміржол станциясына дейін, шығысқа қарай Заветная көшесі 55а үйге дейін, оңтүстікке қарай Шолохов көшесі мен Ақан сері көшесі 1 үйдің қиылысына дейін.

№ 456 сайлау учаскесі (орталығы: "№ 6 оқушылар үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Сейфуллин даңғылы, 13)

Шекарасы: Шолохов көшесі мен Сейфуллин даңғылындағы саябақ қиылысынан оңтүстікке қарай "Теремки" тұрғын кешенінің 51 үйіне дейін, "Теремки" тұрғын кешенінің батыс жағымен солтүстікке қарай Чехов көшесі 11 үйге дейін, оның ішінде 20а,26,28,29,30,32,32а,34 жеке үйлерді қосқанда, одан әрі Шолохов көшесі мен Сейфуллин даңғылының қиылысына дейін.

№ 522 сайлау учаскесі (орталығы: Шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 28 қалалық емхана" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, "Жас Қанат" шағынауданы, 54/2 үй)

Шекарасы: Рысқұлов даңғылынан батысқа қарай Қайрат шағынауданының Сарыарқа көшесі мен "Парасат" тұрғын кешеніндегі 1/1 үйдің қиылысына дейін, одан әрі Малая Алматинка өзені бойымен солтүстікке қарай Ақжамал көшесі 12 үйге дейін, шығысқа қарай Жаяу Мұса көшесі 137 үйге дейін, одан әрі оңтүстікке қарай Рысқұлов даңғылына дейін.

№ 607 сайлау учаскесі (орталығы: "№ 211 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, "Қайрат" шағынауданы, 19-көше, 20/2 үй)

Шекарасы: Тараз көшесіндегі 58 үйден солтүстікке қарай Бұқтырма көшесі 4/1 үйге дейін, одан әрі шығысқа қарай "Алтын сити" тұрғын үй кешенінің үйлерін қоса алғанда, Құлжа трактісіне дейін, одан әрі Құлжа трактісінің бойымен оңтүстікке қарай "Қайрат" шағынауданының "Жетісу" әмбебап базарына дейін, батысқа қарай 10-көшедегі 24 үйге дейін, одан әрі Сыбызғы көшесінің қиылысына дейін, солтүстікке қарай Тараз көшесіне дейін, батысқа қарай Тараз көшесі, 58-үйге дейін.

№ 422 сайлау учаскесі (Орталығы: Шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 32 қалалық емхана" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Монтажный көшесі, 33)

Шекарасы: Майлин көшесінен Элеватор көшесі бойымен (солтүстік жағы) Қарасу өзеніне дейін, Қарасу өзені бойымен солтүстік-шығысқа қарай Димитров көшесі, № 78 үйге дейін, Димитров көшесі бойымен (екі жағы) Гете көшесі,

№ 354 үйге дейін. Гете көшесі, №№ 354-356 үйлер арасымен оңтүстік-батысқа қарай Алғабас көшесіне дейін, шығысқа қарай Физули көшесіне дейін, Физули көшесі бойымен солтүстік-шығысқа қарай Майлин көшесіне шығып, Майлин көшесі бойымен

солтүстік-шығысқа қарай Монтажный көшесіне шығып (№№ 218, 220, 222, 224, 226 барлық үйлерді қосқанда). Монтажный көшесі бойымен оңтүстік-батысқа қарай Майлин көшесіне дейін, Майлин көшесі бойымен Элеватор көшесіне дейін, Ақбілек көшесіндегі барлық үйлерді қосқанда.

Шешімге № 2 қосымша
Алматы қаласы Түрксіб
ауданы әкімінің 2019 жылғы 11
сәуірдегі
№ 01 шешіміне
қосымша

№ 644 Сайлау учаскесі (орталығы: "№ 211 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы "Қайрат" шағынауданы, 19-шы көше, 20/2 үй)

Шекарасы: Ақжамал көшесіндегі 12 үйден батысқа қарай Малая Алматинка өзеніне дейін, одан әрі солтүстікке қарай Береке-2 көшесі 12 үйге дейін, шығысқа қарай 17 көшенің қиылысына дейін, оңтүстікке қарай Көрімдік көшесі, 18 үйге дейін, батысқа қарай Жаяу Мұса көшесі 235 үйге дейін, оңтүстікке қарай Ақжамал көшесі 12 үйге дейін.

№ 645 Сайлау учаскесі (орталығы: "№ 211 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, "Қайрат" шағынауданы, 19-шы көше, 20/2 үй)

Шекарасы: Рысқұлов даңғылы мен "Қайрат" шағынауданындағы 3-ші көшедегі 2 үйдің қиылысына дейін, солтүстікке қарай Жаяу Мұса көшесі 58 үйге дейін, Жаяу Мұса көшесінің бойымен Көрімдік көшесіндегі, 9 үйге дейін, шығысқа қарай Тараз көшесінің бойымен Сыбызғы көшесінің қиылысына дейін, оңтүстікке қарай "Қайрат" шағынауданындағы 10-көшедегі 2/1 үйге дейін, 10-көшеден шығысқа қарай Құлжа трактісіне дейін, Құлжа трактісінен оңтүстікке қарай Рысқұлов даңғылы мен "Қайрат" шағынауданының 3-ші көшесінің қиылысына дейін.

№ 646 Сайлау учаскесі (орталығы: Қазақстан Республикасы ұлттық ұланының "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығы 3650 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Сүйінбай даңғылы, 287/1)

Шекарасы: Жабық.

№ 647 Сайлау учаскесі (орталығы: Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің " 61993 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі, Алматы қаласы, Красногоский көшесі, 8)

Шекарасы: Жабық.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК